

Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан
Мемлекеттік Медицина университеті



**“КОММУНАЛДЫ ГИГИЕНА
ҒЫЛЫМЫНЫҢ ДАМУЫНА ҮЛЕС
ҚОСҚАН ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ГИГИЕНИСТ
ҒАЛЫМДАР”**

**ОРЫНДАҒАНДАР: КАБУЛОВА А.А,
МАХСОТОВА Г.Қ**



Неменко Борис Аркадьевич

- Ғылыми дәрежесі:
“Медицина
ғылымдарының докторы”

- Ғылыми лауазымы:
“Профессор”

- Ғылыми бағыты;
“Медициналық ғылым”


Оның еңбектері атмосфералық ауаны бағалауды, гигиеналық тұрғыдан кең ауқымда қарастыру мақсатында жүргізілді. Профессор Неменко Б.А. және оның шәкірттері өткізген ғылыми еңбектерінде атмосфералық ауадағы ауыр металдарды анықтау, автотранспорт тастамаларын өлшеу және Қазақстан Республикасында шаң фракцияларын қауіп-қатерді талдау әдістемесімен бағалауды алғашқы болып жүргізді. Ең бірінші болып елімізде, аэродинамикалық диаметрі 10 мкм тең шаң фракцияларын зерттеді.

Коммуналдық гигиена және балалар мен жасөспірімдер гигиенасы кафедрасын м.ғ.д., Қазақстанның МҒА-ның корреспондент мүшесі, профессор Неменко Б.А басқарды. Ол өзінің еңбек еткен жылдарының 12 жыл бойында гигиена және кәсіптік аурулар ҒЗИ-нің директорының бірінші орынбасар қызметін атқарды және республиканың барлық гигиена ғылымын бағыттай отырып, Қазақ ССР-ның Денсаулық сақтау министірлігінің медицина ғалымдары кеңесінің басқармасының бірінші орынбасары қызметінде болды, бүгінгі күнге дейін «Гигиена» мамандығы бойынша диссертациялық кеңестің мүшесі «Гигиена қоршаған орта ғылыми негізі» және «Балалар мен жасөспірімдер гигиенасының ғылыми негізі» деп аталатын Бүкіл одақтың проблемалық комиссияларының мүшесі.

- 1995 жылдан бері профессор Неменко Б.А Қазақстанның медицина ғылымдарының Академиясының корреспондент мүшесі және гигиена секциясының төрағасы. Ол 300 ғылыми еңбек, 4 монография жариялады, оның жетекшілігімен 15 кандидаттық диссертация қорғалынды.
- Профессор Неменко Б.А коммуналдық гигиена және балалар мен жасөспірімдер гигиенасы бойынша жоғарғы оқу орындары мен колледждерге арналған мемлекеттік және орыс тілінде 5 оқулықтың авторы.

- Профессор Неменко Б.А. коммунальдық гигиена және балалар мен жасөспірімдер гигиенасынан дәрістер курсы, студенттер мен оқытушыларға арналған әдістемелік нұсқауларды, мамандық бойынша типтік оқу бағдарламасын дайындады.
- 2003, 2004 және 2005 жылдары Б.А. Неменконың авторлық басшылығымен мемлекеттік және орыс тілінде медициналық-профилактикалық факультетінің төменгі және жоғарғы курс студенттеріне арналған «Коммунальдық гигиена» оқулықтары шықты (аудармашылар аға оқытушы Абдразакова С.Ө., асс. Арынова Г.А.)

Б.А.Неменконың еңбектері



Б.А Неменко профессор Т.
А.Муминов пен
бірлесеотырып,
«Окружающая среда и
доказательная
профилактическая
медицина» монографиясын
жарыққа шығарды , сондай
– ақ, ғылыми зерттеу
жұмыстарында кеңінен
қолданылып жүр.



| № | Автор, оқулықтың атауы | Шыққан жылы |
|---|---|-------------|
| 1 | Неменко Б.А., Оспанова Г.К. Балалар мен жасөспірімдергигиенасы. | 2002 |
| 2 | Неменко Б.А. Коммунальная гигиена | 2003 |
| 3 | Неменко Б.А. Коммуналдық гигиена (мед. колледж үшін) | 2005 |
| 4 | Гигиена детей и подростков, Неменко Б.А., Оспанова Г.К. (учебник). | 2007 |
| 5 | Неменко Б.А., Бекказинова Д.Б., Арынова Г.А., Елгондина Г.Б. Руководство к практическим занятиям по коммунальной гигиене: Учебник | 2008 |



Кенесариев Үсен Исмаилұлы

Медицина ғылымдарының докторы, профессор, С.Д. Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық Медицина Университетінің Жалпы гигиена және экология кафедрасының жетекшісі. Еуропа академиясының жаратылыстану ғылымдарының Академигі, Оксфордтық Академия мүшесі, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің Тұтынушылардың құқығын қорғау Комитетінің ғылыми кеңес мүшесі.

Кенесариев Ү.И

300 – ден аса ғылыми еңбектің ,
оның 6 монография, 7 оқулық
және қоршаған ортаны қорғау
саласындағы мамандар мен
санитарлық дәрігерлердің
гигиеналық тексерулер
жүргізуіне негіз болатын 16
құқықты - нормативті
актілердің авторы. 7 доктор,
300 ғылым кандидаттарын, 4
магистр дайындап шығарған.



«ҚР денсаулық сақтау ісінің үздігі»,
«Денсаулық сақтау ісіне қосқан үлесі
үшін», «Ерең еңбегі үшін»
төсбелгілермен марапатталған,
Пирогов орденінің иегері, И.П. Павлов
атындағы күміс медальмен
наградталған, «Қазақстан
республикасы 2013 жылдың Ең үздік
оқытушысы» атағына ие болған

Гигиена ғылымына қосқан үлестері

- Профессор Кенесариев Ү.И. көп жылдар бойы мұнай-газ кен орындарындағы адам денсаулығына әсер ететін факторлар мен қоршаған орта жағдайларына зерттеу жұмыстарын жүргізуде. Өзінің еңбектерінде Кенесариев Ү.И. қауіп-қатерді талдау әдістемесін мұнай-газ кен орындарындағы атмосфералық ауада кездесетін химиялық ластаушыларды зерттеуде қолданды. Сондай-ақ, мұнай мен газды өндіру жұмыстары кезінде, халық денсаулығына әсер ететін зиянды химиялық ластаушылардың көрсеткіштерін анықтау арқылы санитарлы қорғау зонасын орнату бойынша жұмыстар жүргізді

- Мұнай мен газ кен орындары маңындағы елді мекендерге сипаттама бере отырып, гигиеналық бағалауды заманауи әдістемемен ұйқастырудың амалын қарастырды. Яғни, шектеулі рұқсат етілген концентрацияларды қолдана отырып, қауіп-қатерді бағалау сатысында адам ағзасына қауіпсіз деңгейлер көрсеткішін анықтау жолдарын сипаттады. біздің елімізде алғашқы рет аэродинамикалық диаметрі 2.5 мкм тең өлшемді заттарға зерттеу жүргізді. Зерттеу жұмысында өлшемді заттың (PM2.5) талдауын жаңаша көзқараспен ұсынды.



Сонымен қатар, қауіп-қатерді талдау әдістемесін тек атмосфералық ауадағы ластаушыларды анықтауда ғана емес, әрі ауыз суға қойылған талаптарды орнатуда жұмыстары белгілі. Осыған мысал ретінде, 2012 жылы «Каспий тұщыландыру» зауытына жүргізілген зерттеу жұмыстары дәлел бола алады.



Қорытынды:

Салыстырмалы жаңа ғылым саласында еңбек етіп жатқан бұл ғалымдар қауіп-қатерді талдау әдістемесін қолдануда өздерінің ерекше көзқарастарымен танымал. Ғалымдардың ғылыми еңбектері және зерттеу жұмыстары, елімізде қауіп-қатерді талдау методологиясын профилактикалық медицина саласына енгізуге ықпалын тигізді. Осы еңбектерінің арқасында біздің елімізде гигиена саласының қарқынды дамуына зор үлес қосты.